



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

Сағынғали Ақжарқын Рысқалиқызы

akjarkin9595@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, ЕА-11 тобының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. Досмағанбетов

Қазіргі кезде жаһандық экономикалық өзгерістердің орын алуынан әлемдік тұтыну қоғамы тұрақсыздық жағдайында өмір сүріп отыр. Экономикалық дамудың тұтынушылық үлгілері бара-бара күрделене түскендіктен әлемдік қауымдастықтың алдында оның балама жолдарын іздестірудің аса қиын міндеттері пайда бола бастады.

Экономикалық өсудің тұтынуға бағытталған баламалы үлгілерінің бірі ретінде бүгінгі күні **«экологиялық экономика»** («жасыл даму») үлгісі қарастырылып отыр. Дамудың осындай үлгісі бойынша табиғи капиталды қорғап қалу мен сақтау жағдайында экономикалық өсуді қамтамасыз ете алады деген тұжырымдамалар қазіргі уақытта аса көкейкесті мәселенің біріне айналды. Басқаша сөзбен айтқанда, әлемнің қазіргі дамыған мемлекеттері өзін-өзі өндіретін экономикаға қызығушылық танытып келеді. «Экологиялық экономиканың» экономиканың дәстүрлі теориясынан басты айырмашылығы болып оның нарықтық үдеріске «табиғи капиталды» қосу табылады. **«Табиғи капитал»** ұғымы ХХ-ғасырдың соңында пайда болған жаңа түсінік болып табылады. Ресурстың осындай түрінің нарықтық экономиканың тетігіне дендеп ену үрдісі экономиканың өзін-өзі өндіретін бөлігіне қарай өту қажеттілігін қатты туындатып отыр [1, 130].

«Экологиялық экономика» тұжырымдамасы алғаш рет 2005 жылы Сеул қаласында өткен ЭСКАТО ұйымына мүше-елдері қоршаған ортаны қорғау министрлерінің 5-ші Конференциясында алға тартылды. Осыған сәйкес, басты қағидаттары ретінде мыналар ұсынылған болатын:

– *экологиялық тиімділік қағидасы*, яғни экологиялық-экономикалық факторларды ескере отырып көзделген нәтижелерге жетудің қажеттілігін сипаттайтын және нақты қалыптасып отырған жағдаяттарды жан-жақты қарастыратын әрекет етудің мақсаттарын, міндеттерін және көрсеткіштерін таңдау;

– *ресурстарды үнемдеу қағидасы*, яғни табиғи және адами ресурстарды қоса алғанда ресурстардың барлық түрлерін сақтап қалу есебінен басқарудың тиімді шешімдерін қабылдау;

– *бірлік пен біртұтастылық қағидасы*, яғни осындай үдерістерге қатысушы барлық экономикалық субъектілерді қамту;

– *салааралық қарым-қатынас қағидасы*; яғни мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми орталықтар мен бизнес-құрылымдар сияқты қоғамның әртүрлі секторларының өкілдерін шешім қабылдау үдерісіне жұмылдыру.

Осындай қағидаларға қарап, Қазақстан Республикасы экономикасына «экологиялық өсудің» қағидаларын ұсынудың келесідей тетіктерін Үкіметтің іске асырғаны қажет:

- экологиялық салықтарды енгізу арқылы бюджет жүйесіне өзгерістер енгізу;
- тұрақты өндіру мен тұтынудың үлгілерін енгізу;
- «жасыл бизнесті» дамыту;
- тұрақты инфрақұрылымды дамыту.

Бірінші тетікті жүзеге асыру салық ауыртпашылығы мен жүктемесін өндірістің дәстүрлі түрлерінен қоршаған ортаны ластайтын өндіріске аударуға мүмкіндік береді. Экономиканың барлық субъектілерінің мүдделеріне сәйкес келетін және қызығушылығын тудыратын бұл шара экологиялық жүктемені төмендетуге жағдай жасайды, және де сол

уақытта, біздің стратегиялық жоспарымызда көрсетілген экономикалық өсуді қамтамасыз ете алады. Ел экономикасы үшін экологиялық салықты енгізудің негізгі бағыты – бұл **салық ауыртпашылығын әлеуметтік маңызы бар қызметтен** (мысалы, халықты жұмыспен қамту) **қоршаған ортаға зиян алып келетін қызметке аудару**. Бұдан басқа, әрекет етудің экологиялық жағынан қауіпсіз түрлерін (мысалы, жеке көліктерді пайдалануды төмендету үшін қоғамдық көлік түрлерін дамыту) дамытуға инвестициялар салуды арттырудың жолдары арқылы бюджетті қайта құрылымдау үдерісі де еліміздің салық саясатын реформалаудың маңызды бір шарасы ретінде қарастырылады. Олай болса, болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғау мен табиғи капиталды сақтап қалу бойынша тиімді және тындырымды іс-шараларды қабылдау жолымен салық жүктемесін аса әділетті түрде қайта бөлу мәселесі біз үшін бүгінгі күні үлкен мақсат ретінде саналады.

Экологиялық салықтар тиімділікке негізделген, әлеуметтік-экологиялық бағыттылығы бар фискалдық жүйені қалыптастырудың аса маңызды құралы болып табылады, оның негізгі қағидалары өндіру мен тұтынудың шығындарын реттеумен және табыстарды тең бөлумен түсіндіріледі. Демек, экологиялық салықтарды енгізу салықтың жалпы ауыртпашылығын көтермейді, ол оның қоғам ішінде қайта бөлінуіне және табиғатқа экологиялық зиян келтіруді төмендетуге мүмкіндік береді.

«Экологиялық өсуді» қалыптастырудың екінші тетігі болып тұрақты өндіру мен тұтынудың үлгісін енгізу табылады. Біз білетініміздей, қоғамдық өндіру мен қоғамдық тұтынудың әдістері экономиканың кез-келген тұрпатының негізгі қозғаушы күші болып табылады және, сәйкесінше, іс жүзінде экономикалық өсудің сапасын анықтайды. Шикізат материалдарының және басқа да ресурстардың теңестірілген бағаларымен келістірілген реттеуші стандарттарды әзірлеу өндірушілердің аса таза, әрі экологиялық жағынан тұрақты өндіріске көшудің қызығушылығын туғызуы мүмкін.

«Экологиялық экономиканың» бұл бағыты мынадай құралдармен қарулана алады: мемлекеттік сатып алымдардың экологиялық таза түрлері; тұтынудың үрдістерін есепке алатын сұранысқа негізделген тауардың өмірлік циклі мен басқаруды бағалау; ресурстарды қайта-қайта қолдануды және қалдықтарды қайта өңдеуді төмендету арқылы ресурстарды тұрақты түрде қолдануды ынталандыру және таза өндіріске деген қызығушылықты көтеру. Тауарлар мен қызметтерді өндіру кезінде шикізатты қолданудың деңгейі мен атмосфераға тасталған қалдықтар қоршаған ортаны қорғаудың шешуші факторлары болып табылады. Тұтынудың көлемі неғұрлым өскен сайын қоршаған ортаға келетін жүктеме де соғұрлым үлкен болады.

«Экологиялық өсудің» осындай тетігімен «жасыл бизнесті» дамыту тетігі тығыз байланысты болып табылады. «Жасыл бизнес» іскерлік белсенділіктің қайта жаңартылатын табиғи ресурстарды көптеп қолдану жағына өтуін, экологиялық жағынан таза өнімдерді шығаруды, ресурстардың үнемделуін қамтамасыз ету мақсатында таза технологияларды қолдану мен корпоративтік стратегияларды жүргізуді болжайды. Ереже бойынша, «жасыл бизнес» саясатын іске асыратын компаниялардың әлемдік нарықтарда имиджі жоғары болып табылады, олардың өнімдері жоғары инновациялылықпен және жоғары бәсекелік қабілеттілікпен ерекшеленеді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптеген компаниялар үшін «жасыл бизнесті» дамыту – бұл бизнес өкілдеріне экологиялық жағынан таза өнімдерді өндіру мен шығару арқылы салық жеңілдіктерін алу және әкімшіліктік кедергілерді жұмсарту жолымен өздерінің бәсекелік қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік беретін аса табысты нарықтық стратегия.

Жалпы алғанда, «жасыл бизнес» және тұрақты тұтыну халықтың әл-ауқатын көтеруге және қоршаған ортаны қорғауға негізгі құраушы элементтер болып табылады.

«Экологиялық өсудің» тағы бір маңызды құралы болып тұрақты инфрақұрылымды қалыптастыру табылады. Бұл болашақ ұрпақтың табиғи ресурстардың жетіспеушілігін сезінбесі үшін сол ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Тұрақты инфрақұрылымдарды қалыптастыру тауарлар мен қызметтердің өмірлік циклінде

экологиялық аспектілеріне ерекше көңіл бөлуге мүмкіндік береді; экологиялық жүйенің біртұтастылығын сақтауға мүмкіндік береді; климаттың өзгеруі мен озон қабатының тесілуі сияқты антропогендік фактордың әсерін тереңдетпеуге мүмкіндік береді; экономикалық жағынан пайдалылығы жоғары тауарлар мен қызметтерді өндіруге мүмкіндік береді; дамудың барлық бағыттарында ұзақ мерзімді экономикалық өсуді максималдауға мүмкіндік береді [2, 116].

Сонымен, «экологиялық өсудің» саясатын енгізудің негізгі міндеті болып ұлттық экономиканың дамуының траекториясына шығуына дайындау табылады, яғни оған қол жеткізу қазіргі жағдайларда табиғи ресурстарды қолданудан бас тартуды және шаруашылық жүргізудің аса прогрессивті және инновациялық жағынан жоғары үлгілерін іздеуді талап етеді.

Қазіргі уақытта, әлем елдерінің «экологиялық экономикаға» көшуін климаттық өзгерістер мәселесімен байланыстыруға болады, оны екі жақты сипаттай аламыз: парниктік газдардың антропогендік қалдықтарын азайту және климаттық өзгерістерге бейімделу.

«Жасыл» экономикаға бет бұру үшін инвестициялаудың келесідей бағыттарын ұсынуға болады:

- 1) Ғимараттар мен ұймараттардың энергиялық тиімділігін арттыру (яғни, ғимараттардың энергиялық тиімділігін көтеру мақсатында оларды қайта жөндеуге инвестиция салу), сонымен қатар, үйлер мен кеңселердің айналасын көгалдандыру мен жасылдандыру үшін материалдық ынталандыруды ұйымдастыру. Құрылыстың қазіргі заманғы озық технологияларын қолдана отырып энергияны тұтынуды 80%-ға дейін қысқартуға болады.
- 2) Энергияны үнемдейтін және аз ластайтын көлік жүйесін енгізу.
- 3) Энергия таратудың интеллектуалдық жүйесі бар тұрақты энергетика жүйесін енгізу.
- 4) Ұлттық саясаттағы игі бастамалар (экологиялық заңдылықтарды енгізу немесе жетілдіру, тиімсіз субсидияларды төмендету немесе тоқтату, отын сияқты пайдалы қазбалардың орнына жаңартылатын энергияның көздерін кеңінен қолдануды, жеке автокөліктің орнына қоғамдық көліктің түрлерін кеңінен қолдануды қолдау үшін фискалдық шараларды жүргізу және т.б.).
- 5) Ауыл шаруашылығы және халықты тұщы сумен қамтамасыз ету.
- 6) Жер ресурстарын кеңінен қолдану және кешенді құрылыс саясаты.
- 7) Тұщы су ресурстарын орталықтан басқару.
- 8) Технологияларды әзірлеу және олармен алмасу.
- 9) Халықаралық ынтымақтастық – трансшекаралық, аймақтық, жаһандық.

«Жасыл» экономикада халықтың әл-ауқаттылығын көтеруде экожүйелердің (экологиялық табиғи капиталдың) рөліне үлкен көңіл бөлініп отыр. Осыған байланысты экологиялық қызметтер (адамның экожүйелерден алатын игіліктері мен пайдалылықтары) қарастырылады және олар, ереже бойынша, бүгінгі нарықтық экономиканың қызметіне қатыспайды.

Бүгінгі экономиканың дамуы жаңартылмайтын немесе қалпына келмейтін табиғи ресурстар сияқты материалдарды тұтынумен байланысты болып табылады. Осындай қызметтер парник газдарын тастаудың өсуіне алып келеді [3, 102].

Қорытынды. Іс жүзінде біз жалпы экономикаға қоршаған орта мен табиғаттан алынатын ресурстарды пайдалану жолымен даму тұжырымдамасынан экожүйелік даму тұжырымдамасына өту жайын сөз қылдық. Экологиялық жүйенің негізінде даму арқылы «адами» экономика жалпылама түрінде «табиғи» экономиканың бір бөлігі ретінде қарастырылады және ол сол «табиғи» экономиканың заңдары мен шектеулеріне бағынуы керек, сонымен қатар, мұндай жағдайлардағы экономикалық өсу экологиялық қолайлы («жасыл») өсу болып табылады. Айтқандай, осының бәрі экономиканың нақты секторына да, қаржы секторына да байланысты болып табылады. Климаттың өзгеруі мәселелерін шешудің сұрақтары бүгінде тек қоршаған ортаны қорғау министрліктерінің құзырындағы ғана мәселелер болып табылмайды, олар оның шеңберінен әлдеқайда шығып басқа да салаларға өз әсерін тигізеді, атап айтқанда, экономиканы қайта құру, өнеркәсіп, көлік, азық-түлік,

халықтың көшіп-қонуы, адамның денсаулығы, сыртқы экономикалық саясат салаларына өз әсерін тигізеді.

Қолданылған әдебиет

4. Б.У. Пухова. «Природный капитал», как составная часть природных ресурсов // Фундаментальные исследования. – 2008. - № 2, стр. 130-132.
5. Б. Есекина. Концептуальные основы модели «зеленого роста» // Евразийский экономический обзор. – 2011 - № 2, стр. 116-118.
6. Р. Перелет. Направления стратегии «зеленого роста» // Евразийский экономический обзор. – 2011 - № 1, стр. 98-103.

Экологический консалтинг как фактор развития зеленных технологий в экотуризме Азербайджана (на примере северо-западной части республики)

Садыглы Н.Ф.

nigarsadiqli@gmail.com

Докторант Азербайджанского Института Туризма

Баку, Азербайджан

Научный руководитель – д.г.н., проф. Исмаилов Ч.Н.

Зеленные технологии в туризме – это в первую очередь обустройство туристических объектов природоохранными технологиями. Но, не в зависимости от того, каков вид развития в регионе туризма, это одно из самых важных процессов в организации туристической деятельности.

А если речь идет о развитии экотуризма, то зеленные технологии являются неизбежной частью, в целом, всего этого процесса.

Обустройство туристических объектов природоохранными технологиями дело не легкое. В первую очередь, важно определить, какие технологии среди предлагаемых вариантов более практичны. Практичность определяется расходами на эксплуатацию рекреации. А это меняется в зависимости от климата (количество солнечных дней в году), от ландшафта, от тесноты гидрологического покрова, от вида туристической деятельности, так же косвенным образом, от локального экологического состояния и т.д. Учитывая все эти факторы влияния, определяются самые важные стороны, где необходима внедрение экологических технологий, то есть природоохранных эколого-туристических технологий.

Под эколого-туристскими технологиями подразумеваются преимущественно технические и иногда организационные способы достижения максимального экологического эффекта в осуществлении эколого-туристских программ [1].

Эти технологии разрабатываются и применяются с двумя основными целями:

- ✓ ради уменьшения или исключения ущерба окружающей природной среде;
- ✓ ради экологической безопасности туристов [3].

В первом случае, обязательным процессом является архитектурно-строительная позиция туристической деятельности, это экологизация, соблюдение экологических норм во время строительства (отель, кемпинг и т. д.), так же анализ природных условий для минимизации расходов при обустройстве туристических стоянок.

Как правило, экологический туризм организовывается там, где больше экзотичности, в особенности, в особо охраняемых природных территориях (ООПТ). По этой самой причине экологизация и соблюдение экологических норм является очень важным процессом. Обустройство туристических стоянок, отвечающих экологическим нормам, включает в себя следующее:

- ✓ строительство ведется, принимая во внимание климатические особенности местности: